

М.І. Әбдуов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: abduov\_m@mail.ru)*

### **Қараменде бидің әдеби мұрасы**

Мақалада қазақтың тарихи тұлғалары мен олардың шешендік мұраларын құрметтеуге үндейтін мәселе қарастырылған. Қазақтың әйгілі би-шешендерінің арасында Қаракесек Қараменде бидің алатын орны дәлелді түрде көрсетілген. Автор би-шешендердің өнерін жас ұрпаққа ғибрат берер мәселе түрінде қозғайды. XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген би-шешендер ел бірлігіне, қазақ елін жоңғарлардан қорғауға атсалысты. Өздерінің шешендік сөздерімен, әділ биліктерімен халыққа танылды. Солардың арасында осы мақалаға арқау болып отырған Қараменде де болды. Оның айтқан қорытынды сөзінің сол замандағы маңыздылығы жан-жақты ашып көрсетілген.

*Кілт сөздер:* тарихи тұлға, би, шешен, дау, шешендік мұра, ғибрат, құндылық.

Қазақ-жоңғар шапқыншылығы туралы әңгіме қозғалғанда ойға оралатын кезең — XVIII ғасыр. Жойқын шабуылдар да, ел басына түскен ең ауыр кезең де, сонымен қатар Жоңғар мемлекетінің күйреуі де осы ғасырмен тікелей байланысты. Ал, негізінде, қалмақтармен, ойраттармен шайқас үш ғасырға жуық, өте ұзаққа созылған. Нақтырақ айтқанда, Қазақ хандығы құрылғаннан бастап-ақ қақтығыстар пайда бола бастады. Алғашқы қақтығыстар айрықша назарға іліге қойған жоқ. Себебі Мауранахрмен болған ірі соғыстар ұсақ шабуылды тыс қалдырды және шағын әскермен тез арада тойтарыс беріп отырды.

Міне, осындай айрықша мән бермеудің нәтижесі бірте-бірте көңіл аударарлықтай шайқастарға ұласа бастады. 1635 жылы Жоңғар мемлекеті пайда болды. Зерттеуші Ж.Артықбаев өзінің еңбегінде: «С 30-х годов XVII века международная ситуация во внутренней Азии изменилась. На восточной границе появляется сильный противник, нацеленный на завоевание и подчинение городов и кочевых казахов. Это были джунгары «левая рука» — в переводе с монгольского языка, само название «ойрат». Они представляли союз четырех сильных племен: хоросы – правящий род (ранее они были в составе Могулистана), хошоуиты (хоит), дербеты и торгауты. В казахском эпосе они известны под названием калмак (кара калмак – восточные, куба калмак – западные, ак калмак – северные). Sporodicheskie столкновения казахов и калмаков в конце XVII века превратились в изнурительные войны», — деп атап көрсетті [1; 48].

Орта Азия өңірінде пайда болған көшпенді елдің екі мемлекеті бірімен бірі бақталастықта дамып, өркендей бастады. Сөйтіп, жер дауы, жесір дауы, мал дауы, жан дауы пайда болды. Нәтижесі тарих сахнасына елдің тұлғалы азаматтарын алып шықты.

*Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қаздауысты Қазыбек,  
Шақшақұлы Жәнібек,  
Әлтекеде Жидебай,  
Қарашорда Сеңкібай, —*

деген термелі жолдар сол кезде таралды. Ел басына күн туған шақта екінің бірі жауынгер болды, үштің бірі жыршы болды, төрттің бірі шешен болды, бестің бірі көсем болды, білектісі батыр,

жүректісі басшы, ақылдысы би болды. Бірақ осындай тұғырлы тұлғалардың барлығы бірдей түбегейлі зерттеліп, бүгінгі ұрпаққа толық танылып болған жоқ. Тарихқа назар салсақ, әр кезеңнің өзіне тән ірі-ірі оқиғалары болғандығын көреміз. Солардың арасында жоңғармен шайқасқан XVII–XVIII ғасырлар әлі де болса кешенді зерттеулерді, келелі зерделеулерді қажет ететін дәуірге жатады. Екінің бірі сарбаз, жүздің бірі сардар болған заманда, еңбегі мен ерлігін паш етуге тұрарлық талай тұлғалардың болғандығы ақиқат. Солардың әрқайсысын мүмкіндігінше зерттеп жарыққа шығару бүгінгі таңдағы негізгі нысаналардың бірі десек, артық айтқандық емес.

Тұманды тарихтың тұнығынан сағым тәрізді бұлдырап көрінген тұғырлы тұлғалардың өмірі мен мұраларын зерттеп, зерделеу үшін, ғалым Ақселеу Сейдімбектің тілімен айтқанда, даланың ауызша тарихнамасы мен тарихи деректерді сабақтастыра қарастырғанда түрлі сауалдың туындауы заңдылық. Солардың бірі «кешегі алыптардың үлгі-өнеге түрінде қалдырған мұрасының бүгінгі ұрпаққа қаншалықты қажеті бар?» деген сұрақ. Жаратылысқа назар аударсақ, ағаштың өміршеңдігі тамырына, өзеннің өміршеңдігі бастау алған бұлақтарына байланысты. Сол тәрізді ұлттың да өмірі тарихында, ал тарихтың байлығы тұлғалы азаматтарына байланысты болады. Ендеше, біз тұлғаларымызды зерттеу арқылы тарихымызды толықтырамыз, олардың мұраларын тану арқылы сол заманның ағымынан мәлімет аламыз. Ал, оқып-үйрену арқылы жастардың санасына отансүйгіштік қайраткерлікті орнықтыра түсетініміз хақ [2; 4].

Қазақ тарихы тұлғаға толы. Әрине, олардың барлығын іс-әрекетімен еңбегін сараптамай тұрып, бір деңгейде деп байлам жасауға болмайды және барлығы бір деңгейде болуы мүмкін емес. Әрқайсысының өзіне тән орны бар. Бірақ олардың қай қайсысында болсын, соңына өсиет етіп қалдырған мұрасында бүгінгі жастарға ғибрат алар құндылықтар баршылық. Олай болса, зерделеу жұмысын жүргізгенде осы мәселені де назардан тыс қалдырмаған абзал. Қазақ елінде әркім өз жоғын өзі жоқтап келгені, өзі әлі келмесе, жанкүйер-бауырластары, асса руластары бірігіп қорғасқаны мағлұм. Міне, осындай жағдайда әр ауылға, әрбір руға айтыста сөзбен ағайынның мүддесін қорғайтын, қауымның әдет-ғұрпына жетік, ойға жүйрік, сөзге шебер адамдар керек болды. Осындай шешендерді халық «би» деп атаған. Халық сотының алдында билердің бірі талапкердің, екіншісі айыпкердің сөзін сөйлейді, ал үшіншісі – төбе би болып төрелік сөз айтады. Қазақ қауымында ертеден қалыптасқан ел ішіндегі дау-жанжалды мәмлемен шешіп реттеудің осы бір қарапайым халықтық тәсілі дәстүрлі шешендік өнердің дамуына әсер еткен. Халық алдында талқыланатын дау-жанжал, билік-бітім сөздерді жеңіске жету үшін қазақ билерінен халықтың салт-санасын әдет-ғұрпын жетік білумен бірге ойға ұшқыр, тілге шешен болуды талап етті. Сонымен қатар халықтың тапқыр, шешен адамға көрсететін құрметі мен билік үшін беретін сыйы шешендік өнерді дамытуда ынталандырушылық, қызықтырушылық қызмет атқарған.

Сондай тұлғалы билердің бірі Қараменде Қаракесек руының ішіндегі Қояншытаңай атасынан тарайды. Екінің бірі атқа қонған заманда шешеннің де, ақынның да, қуаты бар қарттың да, буыны бекімеген баланың да жауға қарсы садақ атып, қылыш сермегенін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, ел ішінде сақталып жеткен аңыздар сілемі Қараменденің от ауызды, орақ тілді сөз шебері болғандығын айғақтай түседі [2; 4].

Орта жүздің жасы жетпіске жуықтаған Жұлқар деген ақсақалы сауда-саттық жасап жүріп, Кіші жүз жеріне келеді. Елдің тік мінезді алты жігіті шалдың дүниесіне қызығып, жөн сұраса келе, тонауға бекінеді. Мұны сезген ақсақал:

– Уа, шақар мінезді шағырлар! Қурап жүрген шалды тонаймын деп, Айдабол Қаржасқа жем болып жүрмендер, — дейді.

Талас-тартыста бір жігіттің сокқан сойылы қағыс тиіп, ақсақал жан тапсырады.

Хабар-шарсыз кеткен Жұлқарды елі іздеуге шығады. Жан-жаққа ат шаптырып, тыңшылар жібереді. Әйтеке-Байтілестің елін аралап жүрген екі жігіт ауыл сыртындағы ойнап жүрген бір топ баланы көреді. Бірін-бірі қуалап жүрген балалардың арасындағы қашқан бала: «Қурап жүрген шалды тонаймын деп, Айдабол Қаржасқа жем болып жүрмендер», — деп айқайлапты. Бұны естіген жігіттер елге хабар беріп, Айдабол би бастаған жүз кісі құн даулап келеді. Алшынның биі:

– Уа, құн аламын деп келген кісің неше жасқа келіп еді? — дейді.

– Алпыстан асып еді, жетпіске қарай қадам басып еді, өзі қарияның дұрысы еді, басы алтын, аяғы күміс еді, — дейді Қаржас жағы.

– Жасы алпыстан асса, жетпіске қадам басса, алпыс екі тамыры суалған екен, сақал-мұрты қуарған екен. Еліңнің сыйлы қарты болғанымен, құны толық емес жарты болған екен. Жазатайым іске жарты құнмен келісейік, — дейді Әйтеке-Байтілес жағы. Ол уақытта кісінің құны жүз жылқы,

қос қара нар, қос қалы кілем, қалыңсыз қыз, алты қанат ақ боз үй, қарғыланған қара тазы, үш құл, үш күн екен. Осылардың жартысына бітім болып, даушылар елге келгенімен, Жұлқардың ет жақындары келіспей, Абылай ханға барып жүгінеді.

Мұны естіген Алшын жағы абыржып, ақылдасуға бас қосқанда он төрт жасар бір бала:

– Уа, ақ сақалды аталар, сіздерден бізге бата бар. Абылай ханға мен барайын, бәтуасын алайын, жүз ділдә ақша беріңіздер, алты жігіт беріңіздер, екеуі серігім болсын, екеуі қорғаушым болсын, екеуі атшым болсын, — депті. Сонымен ақсақалдар баланы бас етіп, алты жігітті Абылайға аттандырады. Ханордаға жақындаған кезде түстенген бір ауылдан бала Орта жүздің биі Қаздауысты Қазыбектің келбетін сұрайды. Үйдің иесі Қазыбектің қабағы түксиген, кірпігі ұзын, бойшаң келген қара кісі, қазша қаңқылдап сөйлейді деп түсіндіреді [3; 88].

Осы кезде Абылайдың бір баласы қайтыс болып, хан қайғыдан келген кісілерге басын көтермей жатып алған екен. Екі елдің арасындағы дау-дамайдан хабар алған Бекболат шешен ханға келіп:

– Уа, хан ием! Дос көтерер көңілді, мал көтерер өлімді, төгілген толмайды, өшкен жанбайды, кеткен келмейді. Бекем бу белінді, ұмытпа соңыңнан ерген еліңді, көтер басыңды! — дейді. Хан басын көтере қоймайды. Бекболат тағы да:

– Уа, хан ием! Құдай алғанын қайтып бермейді, өлген тіріліп келмейді, туып еді елің сүйінді, өліп еді жерің сүйінді, көтер басты! — депті.

– Рас айтасың, Бекболат! — деп орнынан тұрған хан ордасына келіп:

– Бекболат, Бекболат десем күндейсіңдер. Осы Бекболаттай біреуің сөйлемейсіңдер. Мен қайғыдан өліп кетсем, қайтесіңдер? Жаса етті, сапыр қымызды! — дейді. Осы сәтте рұқсат сұрап кіріп келген әлгі бала жағалай қол беріп амандасып, Қаздауысты Қазыбектің жанында сәл кейінірек отырған құн даулаушының тізесінің астына жүз ділданы тастап кетеді. Оны отырғандардың біразы байқап қалады. Бала болса хан алдына жүгініп, отыра қалып:

– Уа, хан ием! Сізге сәлем деді, Әйтеке-Байтілес еліңіз, мұны да байқап көріңіз. Құн даулап келген Қаржасыңыздың қазығы, ажалды болған, байқаусызда соққыдан тиген жазымы, бұл да Алланың жазуы, кімнің де бар жазығы? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, бірін балға, бірін төс, бірін туыс, бірін дос, ақылыңа ақыл қос, бірін піш те, бірін кес! — депті. Хан Қазыбекке сөйле деп белгі береді. Қазыбек:

– Қой асығы деменіз, қолыңа жақса, сақа тұт, — деген, балам, бір дауға екі үкім жүрмейді, кесім де, ерік те өзінде! — дейді.

Абылай хан:

– Әлей! — деп жағалай отырған билерге сөз тастайды.

Қаракерей Қабанбай:

– Сөзің өткір, ойың ұтқыр екен, көз тимесін, көз тисе, көпке бармассың! — дейді.

Қанжығалы Бөгенбай:

– Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас, аңдысқан ауыл болмас, есептескен ел болмас! — дейді.

Төле би:

– Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ! — дейді.

Алтай Құнанқара би:

– А, Құдайым!

Көрінбей келген қазадан сақта,

Жазықсыз келген жазадан сақта,

Жасырын келген парадан сақта,

Арамза туған баладан сақта! — депті.

Керей Тоқсан би:

– Ойдан ой туады, сөзден сөз туады, алып анадан туады, ат биеден туады, опасыз қатыннан ел бүлдірер бала туады, — дейді.

Жандос би:

– Жабағы тайдан жал кетсе, дәулетті байдан мал кетсе, ұлдан намыс, қыздан ар кетсе, ханнан әділдік, қарашадан қайырым кетсе, ел азады, жер тозады, — дейді.

Жидебай батыр:

– Хан азарында қарашамен қас болады, бай азарында дәулетіне мас болады, молда азарында қайырсыз баймен дос болады.

Тобықты Қараменде би:

– Біткен дауды некесіз туған ұл бұзар немесе жетесіз туған құл бұзар, кепкен сүйекті кері кеткен кеміреді, ондайлар тоқ болса да жоққа келіп еміледі, — депті.

Қаражігіт би:

– Құты қашқанмен қоныстас болма, құтырғанмен жолдас болса, құдай бітпес даудан сақтасын, дінсіз жаудан сақтасын, тоқтамды Қаракесек қариясы Қараменде би айтсын, — дейді.

Қараменде би:

– Дау шешімін тапса, ел ішіне бірлік кіреді, шешімін таппаса, дүйім жұртты дүрліктіреді, жас болса да топтан озса жүйрік болады, бақ қарап басына билік қонар, айтылған асыл сөз салмақты болар, келіскен асыл ер ардақты болар. Түйін сөз осылай болсын! — дейді.

Қазақ халқының тарихында ел есінде халқына сіңірген елеулі еңбегі мен есімдері сақталған бірнеше Қараменденің болғандығы мәлім. Ал, Қаракесек Қараменде кім? Енді осыған көңіл аударып көрелік.

Қазақ-қалмақ шапқыншылығы заманында қазақтар мен жоңғарлар арасында кескілескен шайқас болып, күші жағынан басымдылық танытқан қазақ батырлары жеңіске жетеді. Үлкен олжамен оралған олар ханның алдына келеді. Тәртіп бойынша олжа тең бөлінуге тиісті. Бөлу барысында хан айқасқа алғаш рет кірген Өтеген деген батырды, үлесі келесі жеңістен болсын деп олжаға ортақтастырмапты. Өкпелеген жас батыр ағайын-туыстарын жиып, ханның қарамағынан кетемін деген кезде Қараменде барып, былай деп тоқтау айтады:

*Жиырмадағы жас батыр,  
Жау қашырған хас батыр.  
Қайтпас, қайсар Өтеген,  
Құлақ сал менің сөзіме!  
Бұра тартып не етерсің?  
Арқаға сен де жетерсің.  
Ағасы бар арымас,  
Асыл та қайда кетерсің?  
Қайрат қылып дұшпанға  
Жасақ жиып топтадың.  
Атаның сөзі аманат,  
Осы менің тоқтамым!  
Райыңнан қайт!  
Ханға бар да датыңды айт!  
Бере алмаса маған серт!  
Ала алмасаң саған серт!*

Осыны естіген Өтеген батыр:

– Оу, Қаракем-ай! Өзің де, сөзің де тұнып тұр ғой, барайын, бармасам болмас, — деп ханға барса, хан өз қазынасынан сый-сияпат беріп, мыңбасы етіп тағайындапты.

Бұл, әрине, ауыздан ауызға көшіп жеткен әңгіме. Бірақ осы қанатты сөздің мазмұны мен тілінен біраз мәселені аңғаруға болады. Біріншіден, арнаудың бойынан жыраулар поэзиясының үні мен үлгісі аңғарылып тұр. Үнін ырғағы мен ұйқасынан сеземіз. Яғни, әр жолдағы буын саны – жеті. Ал, жырға тән алғы ерекшеліктердің бірі жолдың жеті, сегіз буынды болып келуі. Оған арғысы Ақтамбердінің, бергісі Бұқардың шығармалары куә. Ұйқасы – аралас. Атап айтқанда, кезекті, шалыс ұйқастар қолданылған. Ал, үлгісі тіркесетін байланыстарда, сөздік қорда жатыр. Мәселен, «хас батыр», «не естерсің?», «маған серт», «саған серт» тіркестері «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларындағы қолданыстарды еске түсіреді. Жыр үлгісін танытатын аталмыш туындылардың XVII-XVIII ғасырда шығарылған шығармалар екендігі ақиқат. Сондай-ақ жыраулар поэзиясының дәуірі де XV-XVIII ғасырлардың арасын қамтиды. Бұдан келіп туындайтын ой, Қараменденің өмір сүрген кезеңі бері деп алған күннің өзінде XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысына сәйкес болып келеді.

Енді Қараменденің Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленуі туралы айта кеткенді орынды санадық. Қандай ұлтты алып қарасақ та, үш түрлі байлықты айрықша құрметтейді. Олар: тіл, дін, дәстүр. Бұл үшеуі рухани құндылықты құрайды. Қазақ салтында да қалыптасқан ата дәстүр бар. Солардың бірі – аманат. Аманаттың ең үлкені – қайтыс болған адамның кейінгі ұрпаққа қалдырған тапсырмасы. Қазақи дәстүрде жасы егделенген адам өзінің қайтыс болғандағы жататын жерін

ағайындарына аманат етіп айтатын жайттер кездесіп отырады. Нәтижесінде «туған жерінен топырақ бұйырыпты», «Кіндік қаны тамған жерде жатыр» деген тәрізді тіркескен қолданыстар қалыптасқан. Егер осы көзқарас тұрғысынан келер болсақ, Қараменденің де өзін қайтқаннан кейін туған жері – оңтүстік өлкеге апарып қойындар деуі мүмкін мәселе – бір. Бұл — бір. Екіншіден, Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген жүзден астам адамның қай-қайсысы болсын тегін жандар емес. Әрқайсысы өз заманының көрнекті тұлғалары, танымал қайраткерлері. Өйткені Әзірет Сұлтанға кез келген адамды қоюға рұқсат берілмеген. Ал, Қараменде бидің осы Әзірет Сұлтан кесенесіне жерленуі де тұлғаның өз заманында алған орнын айқындап тұр. Оған біздің жоғарыдағы келтіріп кеткен аңдатуға жетерлік аңыз-деректеріміз дәлел бола алады. Осындай тарихи мәліметтерге көз жеткізгеннен кейін барып «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының ғылыми-сараптау кеңесі арнайы шешім қабылдап, «Арғындағы Қаракесек Қараменде би» деген тұжырым жасаған [4; 98].

Қазақ қоғамында шешендік өнердің алатын орны зор. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәулелендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып екшеленген, жинақталып жүйеленген ақыл-нақыл, өсиет-насихатқа негізделген отты да нақшшты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздің тағылымдық-танымдық әрі тәрбиелік мәні айрықша.

Шешендік сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар. Белгілі шешендер мен шешен билердің сөздері жазылып сақталмағандықтан, бізге тек ұзын-ұрғасы, желі-жұрнағы ғана жеткен. Ауыздан ауызға көше жүріп, сырланып бүкіл халық қазынасына айналып кеткен, сан қилы заманнан, талай таптың сарабынан өткен шешендік сөз нұсқалары ертегіден бастап, ескі өлең-жырлардың, хикая-дастандардың көбінде кездесіп отырады.

Сөз соңында айтарымыз, тарихи жәдігерлерімізді зерделеп, жандандырған сайын талай танымал құндылықтарымызды айқындай түсеріміз сөзсіз. Солардың бел ортасында Қараменденің есімі тұратындығы ақиқат.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Артықбаев Ж.О. История Казахстана в XIX веке / Ж.О. Артықбаев. — Караганда: Полиграфия, 1992. — 280 с.
- 2 Әбдуов М.І. Ер – елдің қорғаны / М.І. Әбдуов // Орталық Қазақстан. — 2005. — № 19, 20.
- 3 Адамбаев Б. Қазақтың шешендік сөздері / Б. Адамбаев. — Алматы: Ана тілі, 2006. — 160 б.
- 4 Негимов С. Шешендік өнер / С. Негимов. — Алматы: Ана тілі, 1997. — 207 б.

М.И. Абдуов

### Литературное наследие Караменде бия

В статье рассмотрены вопросы об историческом значении казахских исторических личностей и их наследии. Приведены убедительные доказательства, что среди знаменитых ораторов казахского народа значительное место занимает Каракесек Караменде би. Автор, поднимая эту проблему, ставит искусство ораторов в пример молодому поколению. Бии-ораторы XVII-XVIII веков внесли особый вклад в становление государственности и сохранение казахских земель от нашествия джунгар. Их непоколебимая вера в единство и будущее нашей страны, помогла перевернуть историю страны и добиться высоких результатов в мировом масштабе. Ярким представителем плеяды казахского красноречия является Караменде би. Его слова назидания вошли в сокровищницу казахского ораторского искусства.

*Ключевые слова:* историческая личность, би, ораторское наследие, мораль, ценности.

M.I. Abduov

### Literary heritage of Karamende bi

The article is considered the point of honour order of Kazakh historical personality and their legacy. For certain relate about that among famous Kazakh folk speakers. Karakesek Karamende bii takes an important place in Kazakh folk speakers. The author is raised this problem propound as a skill of speakers as an in-

stance for young generation. Bi-speakers XVII-XVIII centuries made a special contribution to the formation of statehood and the preservation of Kazakh lands from the invasion of the Dzhungar. It is thanks to bias-speakers, whose unshakable faith in the unity and future of our country, helped turn history and achieve high results on a global scale. A bright representative of the galaxy of Kazakh eloquence is Karamende bi. His words were included in the treasury of Kazakh oratory, which is the subject of this article.

*Keywords:* historical figure, bi, Chechen, conflict, public speaking heritage, morals, values.

### References

- 1 Artykbaev, Zh.O. (1992). *Istoriia Kazakhstana v XIX veke [History of Kazakhstan in the XIXth century]*. Karaganda: Polihrafiia [in Russian].
- 2 Abduov, M.I. (2005). *Er – eldin korhany [The man is the defensive of the country]*. *Ortalyk Kazakstan – Central Kazakhstan*, No. 19, 20 [in Kazakh].
- 3 Adambaev, B. (2006). *Kazaktyn sheshendik sozderi [Kazakh words of eloquence]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 4 Negimov, S. (1997). *Sheshendik oner [The Art of Oratory]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].